Аудан атауы	класс	тоқсан басына	барлық қыздар саны	келгені	кеткені	тоқсан соңына	барлық қыздар саны	үздіктер	екпінділер	Білім сапасы	үлгермеушілер
	<b>1</b>	<b>148</b>	<b>77</b>	<b>8</b>	<b>13</b>	<b>143</b>	<b>74</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0,0</b>	<b>0</b>

	қазақ	102	54	6	12	96	51			0,0	
	орыс	46	23	2	1	47	23			0,0	
	<b>2</b>	<b>174</b>	<b>80</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>174</b>	<b>82</b>	<b>46</b>	<b>63</b>	<b>62,6</b>	<b>0</b>
	қазақ	117	54	4	3	118	56	36	41	65,3	
	орыс	57	26	4	5	56	26	10	22	57,1	
	<b>3</b>	<b>168</b>	<b>85</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>167</b>	<b>86</b>	<b>31</b>	<b>62</b>	<b>55,7</b>	<b>0</b>
	қазақ	108	55	7	6	109	59	25	36	56,0	
	орыс	60	30	3	5	58	27	6	26	55,2	
	<b>4</b>	<b>141</b>	<b>74</b>	<b>7</b>	<b>6</b>	<b>142</b>	<b>74</b>	<b>33</b>	<b>45</b>	<b>54,9</b>	<b>0</b>
	қазақ	84	48	6	3	87	50	19	30	56,3	
	орыс	57	26	1	3	55	24	14	15	52,7	
<b>Бастауыш буын бойынша барлығы</b>	<b>Барлығы</b>	<b>631</b>	<b>316</b>	<b>33</b>	<b>38</b>	<b>626</b>	<b>316</b>	<b>110</b>	<b>170</b>	<b>51,0</b>	<b>0</b>
	қазақ	411	211	23	24	410	216	80	107	45,6	0
	орыс	220	105	10	14	216	100	30	63	43,1	0
	<b>5</b>	<b>165</b>	<b>76</b>	<b>8</b>	<b>11</b>	<b>162</b>	<b>76</b>	<b>18</b>	<b>68</b>	<b>53,1</b>	<b>0</b>
	қазақ	99	47	4	6	97	47	14	39	54,6	
	орыс	66	29	4	5	65	29	4	29	50,8	
	<b>6</b>	<b>142</b>	<b>68</b>	<b>5</b>	<b>4</b>	<b>143</b>	<b>67</b>	<b>9</b>	<b>65</b>	<b>51,7</b>	<b>0</b>
	қазақ	88	41	5	2	91	42	8	39	51,6	
	орыс	54	27		2	52	25	1	26	51,9	
	<b>7</b>	<b>115</b>	<b>54</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>115</b>	<b>52</b>	<b>5</b>	<b>45</b>	<b>43,5</b>	<b>0</b>
	қазақ	76	39	2	1	76	36	3	32	46,1	
	орыс	39	15	2	3	39	16	2	13	38,5	
	<b>8</b>	<b>117</b>	<b>53</b>	<b>1</b>	<b>3</b>	<b>115</b>	<b>52</b>	<b>6</b>	<b>44</b>	<b>43,5</b>	<b>0</b>
	қазақ	77	37	1	2	76	36	6	27	43,4	
	орыс	40	16		1	39	16	0	17	43,6	
	<b>9</b>	<b>113</b>	<b>57</b>	<b>8</b>	<b>5</b>	<b>116</b>	<b>59</b>	<b>11</b>	<b>45</b>	<b>48,3</b>	<b>0</b>
	қазақ	75	34	6	3	78	36	11	26	47,4	
	орыс	38	23	2	2	38	23	0	19	50,0	
<b>Негізгі буын бойынша барлығы</b>	<b>Барлығы</b>	<b>652</b>	<b>308</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>651</b>	<b>306</b>	<b>49</b>	<b>267</b>	<b>48,5</b>	<b>0</b>
	қазақ	415	198	18	14	418	197	42	163	49,0	0
	орыс	237	110	8	13	233	109	7	104	47,6	0
	<b>10</b>	<b>67</b>	<b>40</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>67</b>	<b>39</b>	<b>1</b>	<b>33</b>	<b>50,7</b>	<b>0</b>
	қазақ	49	27	2	1	50	27	1	23	48,0	
	орыс	18	13		1	17	12	0	10	58,8	
	<b>11</b>	<b>42</b>	<b>22</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>42</b>	<b>22</b>	<b>1</b>	<b>22</b>	<b>54,8</b>	<b>0</b>
	қазақ	42	22			42	22	1	22	54,8	
	орыс					0				#ДЕЛ/0!	
<b>Орта буын бойынша барлығы</b>	<b>Барлығы</b>	<b>109</b>	<b>62</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>109</b>	<b>61</b>	<b>2</b>	<b>55</b>	<b>52,3</b>	<b>0</b>
	қазақ	91	49	2	1	92	49	2	46	52,2	0
	орыс	18	13	0	1	17	12	0	10	58,8	0
<b>Мектеп бойынша барлығы</b>	<b>Барлығы</b>	<b>1392</b>	<b>686</b>	<b>61</b>	<b>67</b>	<b>1386</b>	<b>683</b>	<b>161</b>	<b>492</b>	<b>52,6</b>	<b>0</b>
	қазақ	917	458	43	39	920	462	124	316	53,3	0
	орыс	475	228	18	28	466	221	37	177	51,0	0
	қала м	1392	686	61	67	1386	683	161	492	52,6	0

#### IV. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) **білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға**

**міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі:**

***Зерделеу барысында:***

«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, 2 қосымша, 1-тарау. «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің әкімшілігі оқу жұмыс жоспарын құруда төмендегідей нормативтік құжаттарды басшылыққа алды:

**2021-2022 оқу жылы:**

- ✓ Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы;
- ✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық)
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығы;
- ✓ ҚР білім және ғылым Министрінің 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы № 596 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы (соңғы өзгертулер және толықтырулармен 21.09.2018 жылғы № 477 бұйрығы);

Соған байланысты апталық жүктеме төмендегідей:

<b>Сынып</b>	<b>Инварианттық компонент</b>	<b>Вариативтік компонент</b>	<b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>
1 қазақ сыныбы	22,5	-	22,5
1 орыс сыныбы	22,5	-	22,5
2 қазақ сыныбы	23	1	24
2 орыс сыныбы	24	-	24
3 қазақ сыныбы	26	1	27
3 орыс сыныбы	27	-	27
4 қазақ сыныбы	26	1	27
4 орыс сыныбы	28	-	28
5 қазақ сыныбы	29	2	31
5 орыс сыныбы	31	1	32
6 қазақ сыныбы	29	1	31
6 орыс сыныбы	31	1	32
7 қазақ сыныбы	32	2	34
7 орыс сыныбы	34	1	35
8 қазақ сыныбы	33	2	35
8 орыс сыныбы	35	1	36
9 қазақ сыныбы	34	2	36
9 орыс сыныбы	36	1	37
10 қазақ сыныбы (ҚҒБ)	29	8	37
10 қазақ сыныбы (ЖМБ)	33	4	37
11 қазақ сыныбы (ҚҒБ)	32	7	39
11 орыс сыныбы (ҚҒБ)	35	4	39

**2022-2023 оқу жылында** «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **11,12-қосымша 1-4** сыныптар үшін төмендетілген оқу

жүктемесімен; **6,7-қосымша 5-9** сыныптар үшін, **85,86-қосымша 10,11** сыныптар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Кейінірек ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **8,9-қосымша 1-4** сыныптар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен; **38,39 қосымша 10,11** сыныптар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары»;

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар);

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама).

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

Осыған байланысты апталық жүктеме төмендегідей:

<b>Сынып</b>	<b>Инварианттық компонент</b>	<b>Вариативтік компонент</b>	<b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>
1 қазақ сыныбы	17,5	2	19,5
1 орыс сыныбы	19,5	1	20,5
2 қазақ сыныбы	22	2	24
2 орыс сыныбы	22	1	23
3 қазақ сыныбы	23	2	25
3 орыс сыныбы	24	1	25
4 қазақ сыныбы	23	2	25
4 орыс сыныбы	24	1	25
5 қазақ сыныбы	28	0,5	28,5
5 орыс сыныбы	29	0,5	29,5
6 қазақ сыныбы	28	0,5	28,5
6 орыс сыныбы	29	0,5	29,5
7 қазақ сыныбы	31	0,5	31,5
7 орыс сыныбы	32	0,5	32,5
8 қазақ сыныбы	32	0,5	32,5
8 орыс сыныбы	33	0,5	33,5
9 қазақ сыныбы	33	1	34

9 орыс сыныбы	34	1	35
10 қазақ сыныбы (ҚГБ)	28	5	33
10 қазақ сыныбы (ЖМБ)	32	2	34
11 қазақ сыныбы (ҚГБ)	28	5	33
11 қазақ сыныбы (ЖМБ)	32	2	34

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **8,9-қосымша 1-4** сыныптар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен; **38,39 қосымша** 10,11 сыныптар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспарына сәйкес апталық жүктеме төмендегідей өзгертілді:

Сынып	Инварианттық компонент	Вариативтік компонент	Ең жоғарғы оқу жүктемесі
2 орыс сыныбы	23	1	24
3 қазақ сыныбы	24	2	26
3 орыс сыныбы	25	1	26
4 қазақ сыныбы	24	2	26
4 орыс сыныбы	26	1	24
10 қазақ сыныбы (ҚГБ)	31	3	34
10 қазақ сыныбы (ЖМБ)	32	3	35
11 қазақ сыныбы (ҚГБ)	31	3	34
11 қазақ сыныбы (ЖМБ)	32	3	35

2 орыс сыныптарында қазақ тілінен 1 сағат, 3,4 сыныптарда жаратылыстану пәнінен 1 сағат, 4 орыс сыныптарында қазақ тілінен 1 сағат қосылды; 10,11 сыныптарда, қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша, инварианттық компонентінен физика, химия, биология пәндерінен 1 сағаттан қосылып, вариатив компонентінен 2 сағат электив курстары қысқарды, 10-11 сыныптарда, жаратылыстану-математика бағыты бойынша, 1 сағат электив курс еңгізілді.

**Жұмыс оқу жоспарының негізгі мақсаты:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындау және жүзеге асыру.

**2023-2024 оқу жылында «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды.**

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығы, ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (ҚР Білім және ғылым министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар);

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге

қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама);

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

Сынып	Инварианттық компонент	Вариативтік компонент	Ең жоғарғы оқу жүктемесі
1 қазақ сыныбы	17,5	2	19,5
1 орыс сыныбы	19,5	1	20,5
2 қазақ сыныбы	21	3	24
2 орыс сыныбы	22	2	24
3 қазақ сыныбы	24	2	26
3 орыс сыныбы	25	1	26
4 қазақ сыныбы	24	2	26
4 орыс сыныбы	26	1	27
5 қазақ сыныбы	27	1,5	28,5
5 орыс сыныбы	28	1,5	29,5
6 қазақ сыныбы	27	1,5	28,5
6 орыс сыныбы	28	1,5	289,5
7 қазақ сыныбы	28	4,5	32,5
7 орыс сыныбы	28	4,5	32,5
8 қазақ сыныбы	28	4,5	32,5
8 орыс сыныбы	28	4,5	32,5
9 қазақ сыныбы	29	5	34
9 орыс сыныбы	29	6	35
10 қазақ сыныбы (ҚГБ)	31	3	34
10 қазақ сыныбы (ЖМБ)	32	3	35
10 орыс сыныбы (ҚГБ)	34	1	35
11 қазақ сыныбы (ҚГБ)	31	3	34
11 қазақ сыныбы (ЖМБ)	32	3	35

#### Жұмыс оқу жоспарының негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындау және жүзеге асыру.

*Оқу жұмыс жоспарлары көшірмесі қоса беріледі (2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 о.ж.)*

<https://14-mektep.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/o%D2%9Bu-zh%D2%B1mys-zhospary-2021-2022.pdf>

<https://14-mektep.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/o%D2%9Bu-zh%D2%B1mys-zhospary-1.-2022-2023.pdf>

<https://14-mektep.edu.kz/wp-content/uploads/2024/06/o%D2%9Bu-zh%D2%B1mys-zhospary-1.-2022-2023.pdf>

<https://14-mektep.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/o%D2%9Bu-zh%D2%B1mys-zhospary-2.-2022-2023.pdf>

<https://14-mektep.edu.kz/wp-content/uploads/2024/06/o%D2%9Bu-zh%D2%B1mys-zhospary-2.-2022-2023.pdf>

**2) Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарау. Білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

24. Білім беру ұйымдары оқу процесін "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген), "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8424 тіркелген) сәйкес жүзеге асырады. Білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

25. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машықтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

26. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған. Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

27. Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.

28. Білім беру ұйымдарында оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асыруға құқылы. Орта білім беру ұйымдары оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес қамтамасыз етеді.

30. Білім беру ұйымдарында оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі.

31. Білім беру ұйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

32. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады.

37. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 125 бұйрығы) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.



38. Білім беру ұйымдары бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айқындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

41. Орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер қорындағы деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

**3) Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас үдеріс. Мектепте тәрбие жұмысы сынып сағаттарының, мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

Мектепте білім алушылардың таным мәселелерін шешуге жәнес субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған жұмыстар 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарына арналған мектепшілік тәрбие жұмысының жоспарына сай жүйелі түрде өткізілуде.

2021-2022,2022-2023 оқу жылдары 8 бағыт бойынша құрылған жоспар бойынша тәрбиелік шаралар өткізіліп, жұмыс жасалды. 2021-2023 оқу жылдарына ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген.

**Мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты:** “Ұлттық тәрбие мен азаматтық ұстанымды, патриоттық сезіммен, ұлттық намысты жасөспірімнің бойында сеніммен қалыптастыра отырып, заман талабына сай тәрбиелеу.

**Мектептегі тәрбие жұмысының міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

### **Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің нормативтік негізін**

#### **Қазақстан Республикасының келесі стратегиялық құжаттары құрайды:**

-Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011ж. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

-«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014ж. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

-«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014ж.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

- Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІV Заңы;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол»;

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014ж. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 жарлығымен бекітілген;

- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;

- «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

- «Қазақстан - 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;

- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығы;

-ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;

-ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж 27 тамыздағы №382 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 472 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылығы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

#### **Сынып жетекшілерімен, ұжыммен жұмыс:**

- сынып жетекшілердің, ата-аналар жұмысының сыртқы ортамен байланыс жұмысын жоспарлауға жетекшілік ету, көмек беру;

- сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушы сынып жетекші, олардың шеберлігін арттыруда, сынып жетекшілер бірлігінің жұмысын жаңдандыру;

-озық сынып жетекшілер тәжірибесін жас сынып жетекшілерге жеткізіп отыру.

#### **Оқушылармен жұмыс бағыттар:**

-әр жастағы оқушылардың жоспарланған тәрбие жұмыстарына байланысты қызығушылығын арттыру;

-белсенді оқушылармен жұмысты күшейту;

-оқушылардың икемділігіне қарай, өзін-өзі басқару жұмыстарына тарту;

-оқушылар бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиесін сіңіру.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- Ой-өрісі дамыған, мен патриотпын деген тұлға қалыптасады.
- Оқушылармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас орнайды.
- Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, адамгершілік тұрғысынан кемелденген тұлға қалыптасады.

#### **2021-2022,2022-2023 оқу жылдары « Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп»**

#### **КММ – нің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының оқу жылына арналған жоспары оқушылардың жас ерекшеліктері мен мектеп дәстүріне сай, күнтізбелік мерекелерді қамтып жоспарланды.

**Мектептің тәрбие қызметінің ұжымы.****2021-2022 оқу жылы бойынша мектептің тәрбие қызметінің ұжымы.**

Қызметі	Аты-жөні	Санаты	Білімі	Еңбек өтілімі
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Оразғалиева Жаңагүл Рскалиевна		Жоғары	
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Ахмет Бағила Әбдімәлікқызы	Екінші санат	Жоғары	16 жыл
Педагог-психолог	Қурманбаева Айнұр Сағындықовна	Екінші санат	Жоғары	16 жыл
Педагог- психолог	Абдрахманова Гүлзат Бақбергенқызы	Педагог-модератор	Жоғары	11 жыл
Медбике	Шагирова Гүлшара	-	Орта арнаулы	14 жыл
Кітапханашы	Ақжигитова Куралай Мажитовна	Жоқ	Жоғары	22 жыл
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі	Елубаева Алмажай	Педагог-модератор	Жоғары	

**2022-2023 оқу жылы бойынша мектептің тәрбие қызметінің ұжымы**

Қызметі	Аты-жөні	Санаты	Білімі	Еңбек өтілімі
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Умарова Ажар Сарыбаевна	Бірінші санат	Жоғары	13
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Ахмет Бағила Әбдімәлікқызы	Екінші санат	Жоғары	17 жыл
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Шауменова Карылга Камиловна	Педагог-зерттеуші	Жоғары	26 жыл
Педагог-психолог	Қурманбаева Айнұр Сағындықовна	Екінші санат	Жоғары	17 жыл
Педагог- психолог	Абдрахманова Гүлзат Бақбергенқызы	Педагог-модератор	Жоғары	12 жыл
Медбике	Камышова Кристина Александровна	Жоқ	Орта арнаулы	12 жыл
Кітапханашы	Ақжігітова Құралай Мажитовна	Жоқ	Жоғары	23 жыл
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі	Қуантқанова Гүлназ Талғатқызы	Педагог-модератор	Жоғары	5 жыл

**2023-2024 оқу жылы бойынша мектептің тәрбие қызметінің ұжымы**

Қызметі	Аты-жөні	Санаты	Білімі	Еңбек өтілімі
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Умарова Ажар Сарыбаевна	Бірінші санат	Жоғары	14 жыл
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Шауменова Карылга Камиловна	Педагог-зерттеуші	Жоғары	26 жыл
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Байменова Айгуль Танатқановна	Педагог-зерттеуші	Жоғары	32 жыл
Педагог-психолог	Қурманбаева Айнұр Сағындықовна	Екінші санат	Жоғары	18 жыл
Педагог- психолог	Абдрахманова Гүлзат Бақбергенқызы	Педагог-модератор	Жоғары	13 жыл
Медбике	Камышова Кристина Александровна	Жоқ	Орта арнаулы	13 жыл
Кітапханашы	Ақжигитова Куралай Мажитовна	Жоқ	Жоғары	24 жыл
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі	Қуантқанова Гүлназ Талғатқызы	Педагог-модератор	Жоғары	6 жыл

**2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмстар.**



«Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-де тәрбие жұмысының басым бағыттары бойынша тәрбие жұмысының ұйымдастырылу, жүргізілу тәсілдерінде сынып сағаттары, ашық тәрбие сағаты, дөңгелек үстел, топтық сайыс, кездесу сағаты, пікірталас, дәріс сағаты, ата-анамен жұмыс, ата-аналар және сынып жиналысы, тренинг, ойын жаттығулары, тренинг, кездесулер, сайыстар, сауалнама, т.б іс-шаралар өткізіледі.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Екінші бағыт– Рухани-адамгершілік тәрбие.

Мақсаты:Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген руханиадамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар.**

**1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.** Тәрбие жұмысының бұл бағытына тоқталатын болсақ, бұл келешектегі, жеткіншек ұрпақтың талапшыл, жігерлі, Отанға, отбасына зор сезіммен қарайтын азамат тәрбиелеуге ықпал етеді. Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие беруде мектепшілік және класшілік тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Әрбір өткен патриоттық класс сағаттарында, кластан тыс шараларда оқушы бойында патриоттық сезімдерді туындатуда.

2021-2022 оқу жылында жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша мектепшілік төмендегідей іс-шаралар өтілді.

“Тәуелсіздік жетістіктері” атты тәрбие сағаты 1-11 класс оқушыларына, Семей ядролық полигонының жабылуына -30 жыл толуына тәрбие сағаттары 1-11 класс оқушыларына өтілді. ҚР Тұңғыш Президенті мен ҚР тәуелсіздік күні мерекесіне арналып өтілген іс - шаралар . «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне -30 жыл», «1- желтоқсан ҚР –ның Тұңғыш Президент Күні», «Тұңғыш Елбасы-ұлт көшбасшысы», «Елімнің еркіндігі-тәуелсіздік», «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шара, «Тәуелсіздік таңы- естен кетпес желтоқсан», «Елін сүйген - елбасы», «Н. Ә. Назарбаев ҚР- ның тұңғыш Президенті» , «Елімнің ертеңі нұрлы», «Желтоқсан ызғары», тақырыптарында 1-11 класс оқушыларына ашық класс сағаттары, «Біздің таңдауымыз- құқықтық мемлекет құқық қорғау органдарымен 9-11 класс оқушыларының кездесуі, «Біз сыбайлас жемқорлыққа, қоғам мүдделеріне деген стқындыққа қарсымыз» 10-11 класс оқушыларымен дөңгелек үстел, «Мемлекеттік рәміздер- ұлттың мақтанышы» 1-11 класс оқушыларымен класс сағаттары, «Біз рәміздерді білеміз бе?» 4-9 класс оқушылары арасында сауалнама, «Мерген ару»-2022 9-11 класс оқушыларымен сайыс, 15 ақпан -Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне орай «Ерлік -ұрпаққа ұран» тақырыбында ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, 1 наурыз дүниежүзілік «Азаматтық қорғаныс» күніне орай дабыл жаттығу ұйымдастырылды, 1- мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне 1-11 класс оқушылары ашық тәрбие сағаттарын, «Дос болайық бәріміз» тәрбие сағаты, «Бір шаңырақ астында» ұлттар сайысы өткізілді, «Ұлы Жеңіске -77 жыл», «Сапқа тұру, патриоттық әндер орындау, «Жеңіс тойы, жаса мәңгі» бірыңғай класс сағаттары 1-11 класс оқушыларымен, «Әрқашан күн сөнбесін» суреттер байқауы, «Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күніне және ҰОС Жеңістің 77 жылдығына байланысты «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің 08.04.2022ж №124 бұйрығы негізінде қорғаныс - спорттық іс - шараларға қатысу жоспары құрылып , бекітілді. Мектепішілік шаралар өтіліп, қалалық шаралар оқушылар қатыстырылды. «Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күніне және ҰОС Жеңістің 77 жылдығына арналған «Батырлар өлкесі» атты сурет байқауы, «Ерлік сабақтары 9-10 класс оқушылары арасында, «Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күніне және ҰОС Жеңістің 77 жылдығына арналған тәрбие сағаттары 1-11 класс оқушылары арасында, «Менің ата -әжелерім» атты 5-11 класс арасында шығармалар байқауы өтілді. Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің жоспары бойынша 1- желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күніне орай Қазақстан тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша, 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30-жылдығы күніне орай Қазақстан тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау, жастарға тәрбие беру бағыты бойынша іс-шаралар жоспарлары құрылып, бекітілді. «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Бір ел, бір тағдыр, «Болашаққа бастар жол», «Парасатты шешім», «Сын сағаттар» тақырыптарында 1-11 класс оқушыларына деректі фильмдер көрсетілді, «Ғасырдың керемет азаматы» 5-6 класс оқушыларына кітап көрмесі, «Бір ел, бір тағдыр» 5-9 кластар арасында эссе байқауы, «Бірлігіміз жарасқан» әлеуметтік желіде 5-11 кластар арасында челлендж, « Мен президент туралы не білемін?» 1-4 класс оқушылары арасында челлендж, «Менің президентім!», «Менің Қазақстаным!» сурет көрмелері 4-7 класс арасында, «Қазақстан Республикасы Тұңғыш президентінің музейі» 1-11 класс оқушылары арасында онлайн экскурсия, «Тұңғыш президент-Елбасы тәуелсіз елдің мақтанышы», «Елбасы салған сара жол!» 1-11 класс оқушылары арасында тәрбие сағаттары, «Ұйымдасқан ұтады», «Елдіктің бастауы», «Жаңғыру жолы», 1-11 класс оқушылары арасында деректі фильмдер көрсетілді, «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы», «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы Тұңғыш президент ролі» дөңгелек үстел, «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» қолөнер байқауы 1-11 клас оқушылары арасында, «Тәуелсіз елім -кең байтақ жерім» 5-11 класс оқушылары арасында эссе, «Тәуелсіздік болашағым», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30-жыл» 1-11 класс оқушылары арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

2021-2022 жылы Мемлекеттік Рәміздерге арналған мектепішілік іс - шаралар өтілді. «Мемлекеттің мәртебесі- Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Гимні ” 6 класс оқушыларына класс сағаттары , “ Мемлекеттік рәміздер- ұлт мақтанышы” 1-5 класс оқушыларына тәрбие сағаты, “Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз?” 6-7 класс оқушыларына түсіндірме жүргізу, “ Рәміздер- ел беделі!” тақырыбында 5-6 класс оқушыларына интеллектуалдық ойындар , Мен елімнің Рәміздерін құрмет тұтамын!» 10-11 класс оқушыларымен танымдық сабақ, «Мен ҚР-ның мемлекеттік рәміздерін білемін бе? Тақырыбында 1-11 класс оқушыларынан сауалнама, «4-маусым -Мемлекеттік рәміздер күні.» 7-8 класс оқушыларымен дөңгелек үстел өтілді. 2021-

2022 оқу жылында мектеп оқушылары қала және облыстық деңгейде өткізілген барлық іс-шараларға қатысып, біршама жетістіктерге жетті:

2021 жылдың 6 қазан-28 қараша аралығында онлайн форматта ұйымдастырылған «Айбын-2021» Республикалық әскери-патриоттық жастар жиынына қатысып, белсенділік танытқаны үшін Даутов Руслан 11«Б», класс оқушысы «алғыс хат» иеленді.

Қала мектептерінің мөлтектоптары арасында жоғарғы класс оқушыларымен онлайн форматта өткізілген «Әскерге дейінгі жасөспірімдер арасындағы спартакиада» жарысында «Хиуаз Доспанова атындағы әскери-патриоттық клубы жүлделі 2 орын иеленді.

Желтоқсан айының 8 күні ҚР тәуелсіздігінің 30 жыл толуына байланысты пневматикалық мылтықтан нысана көздеп атудан өтілген «Мерген сарбаз-2021» сайысына Сейілханв Азамат 11 «А», Аяпбергенов Азамат 11 «А», Сағымбаев Азамат 11 «А» класс оқушылары қатысып, аталған жарыста Сағымбаев Азамат, Аяпбергенов Нұрдаулет алғыс хатқа ие болды.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің жоспары бойынша Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талғат Бегелдиновтың 100 жылдығына арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. «Мәңгілік ел алыптары: Т.Бегелдинов» 1-11 класс оқушылары арасында тәрбие сағаты, «Қазақтан шыққан ұшқыш батыр: Т.Бегелдинов» 9-10 класс оқушыларымен дөңгелек үстел, «Батыр Бегелдинов» деректі фильмі көрсетілді.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің жоспары бойынша 1-Наурыз «Азаматтық қорғаныс күніне» орай іс-шар жоспарланды. Мектептің тұрақты құрамымен «Ғимараттан жедел шығу» жаттығуы өткізді, Оқушылар құрамымен табиғи апаттар мен техногенді аваялар кезіндегі іс-әрекет негіздері бойынша сабақтар, «Азаматтық қорғаныс айлығына арналған оқушылар газеттері, мәнжазба, альбом даярланды, су тасқыны кезіндегі іс-әрекет негіздері өткізілді.

Құқықтық тәрбие бойынша 2021 -2022 оқу жылында 1-11 кластың класс жетекшілер тәрбие жұмысының жоспарындағы берілген класс сағаттары мен кластан тыс шараларын уақтылы өткізіп отырды. 2021- 2022 оқу жылында Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен, СПИД орталығымен бірлескен түсіндіру шаралары “Құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында қаңтар айында 8 класс оқушыларына, “Құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында 9,11 класс оқушыларына ақпан, наурыз айларында дәріс оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді, “Зорлық - зомбылықтың алдын алу”, “ Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында ата - аналар жиналысы, жол ережесі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Абайлаңыз, балалар!» акциясы аясында «Жас жол инспекторы қалашығында» мектеп инспекторы , директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен 7 кластың класс жетекшілерінің қатысуымен жұмыстар жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында мектепішілік бақылауында 5 оқушы болды. Олар : Иньятов Манарбек 8 «В», Ыбадатов Райымбек 10 «Ә», Асқар Нұрислам 10 «А», Сырлыбаев Арман 10«Ә», Джаримбетов Ахылбек 11«А» класының оқушылары. Жоғарыда аталған оқушыларға топтама жасалынып, есеп жүргізіліп отырды. Олардың сабаққа қатысымы , мектептегі, мектептен тыс мекемелердегі уақыттарының ұйымдастырылуы үнемі бақылауда. Класс жетекшілер жоғарыда аталған оқушылардың ата - аналарымен үнемі байланыста. Мектеп инспекторы Д.К.Аманжолов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Ә.Ахмет, Ж.Р.Оразғалиева оқушылардың тұрмыстық жағдайын, тәрбиеленетін ортасын үнемі зерттеп отырады.

2021-2022 оқу жылында ІІБ - де есепте тұрған 3 оқушы болды. Олар: Ыбадатов Райымбек 10«Ә», Асқар Нұрислам 10«А», Сырлыбаев Арман 10«Ә» класының оқушылары. Жоғарыда аталған оқушыларға топтама жасалынып, есеп жүргізіліп отырды. Олардың сабаққа қатысымы , мектептегі, мектептен тыс мекемелердегі уақыттарының ұйымдастырылуы үнемі бақылауда. Класс жетекшілер жоғарыда аталған оқушылардың ата - аналарымен үнемі байланыста. Мектеп инспекторы Д.К.Аманжолов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Ә.Ахмет, Ж.Р.Оразғалиева оқушылардың тұрмыстық жағдайын, тәрбиеленетін ортасын үнемі зерттеп отырады. 2021-2022 оқу жылында мектепте “ Тәртіп сақшылары” тобы жұмыс жасады. “ Құқықтық кеңес ” жоспар бойынша, тұрақты түрде өтіліп отырды.

## **2.Рухани – танымдық тәрбие.**

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық

ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты көпшілік айыптауы көрсететін құндылықтар жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік қатынасты көрсетеді, «адалдық пен сатылмау – жүріс-тұрыс нормасы» берік азаматтық ұстанымды үйрету. Онда мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына,өзінің қасиетіне, арына және парызына,ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына ,өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни құндылықтарға, ой, сөз және іс бірлігіне, өзінің мінез-құлқын жетілдіруге, ар-ұжданымен орындалған қылықтарға ,түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне,адамдарға риясыз қызмет етуіне, өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіруге баулу. Оқушылар бойында адамгершілік тәрбиені ұялату әр мұғалімнің, ата-ананың міндеті. 2021-2022 оқу жылында рухани – танымдық тәрбие бойынша мектепішілік төмендегідей шаралар өтілді. «Ағашқы қоңырау» салтанатты жиынын барлық класс оқушыларының қатысуымен өтілді, «Қарттарым -асыл қазынам» ,«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» қайырымдалық шарасы, қарттарды құттықтау, қазақ ақыны,әдебиеттанушы ғалым, түріктанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына-150 жыл тақырыбында 9-10 класс оқушыларымен тәрбие сағаттары, «Ұстаз болу -жүректің батырлығы»! мерекелік концерт, «Мейірімділік -жүректен қайырымдылық акциясы, «Дәстүрлі емес діни ағымдар» 8-11 класс оқушыларының теологпен кездесуі, «Біз жемқорлыққа қарсымыз» 9-11 класс оқушылары арасында эссе, «Кітап оқитын класс» кластар арасында оқырманы көп класты анықтау, «Жаңа жыл-жаңа әлем мектепішілік мерекелік іс-шара, әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері, Ақселеу Сейдімбектің туғанына -80 жыл 11 класс оқушыларымен әдеби кеш, «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» 8-9 класс оқушыларымен сурет байқауы, «Жақыныңа жанашыр бол» қазақтың атақты күйшісі композиторы Д.Нұрпейісованың туғанына -160 жыл толуына орай тәрбие сағаты, «Сұлулық әлемді құтқарады» М.Мақатаевтің туғанына -90 жылдығына 7-8 класс оқушыларымен тәрбие сағаты, 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ –нің жоспары бойынша іс-шара жоспары құрылды. «Алғысым шексіз» 1-11 кластар арасында бейнеролик түсіру, мектепте арнайы «Алғыс білдіру» тақтасы ұйымдастырылды, оқушылар өз алғыстары жазылған стикерлерді жабыстырды, «Алғыс айту -асыл қасиет» 1-11 кластар арасында тәрбие сағаты, «Алғысқа бөлену» 3-4 класс оқушыларымен сурет көрмесі, қазқтың ұлы ойшылы,алаш жетекшісі, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына-155 жыл толуына 1-11 класс оқушыларымен тәрбие сағаты, «Түлек-2022 Жаңа қазақстанның ертеңі» соңғы қоңырау салтанатты шара, 1- маусым балаларды қорғау күніне орай іс шаралар, өткізілді.

2021 -2022 оқу жылында « Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ – де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жоспарлы түрде орындалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарға бағытталған нормативтік – құқықтық құжаттар топтамасы, мемлекеттік қызмет көрсету туралы стенд жасалып, «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» орналастырылды. 2021 -2022 оқу жылына арналған мектепішілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жоспары бойынша қыркүйек - мамыр айлары аралығында өтілген жұмыстар.« Жемқорлық — қоғам дамуының тосқауылы » атты ақпараттық стенд жасалды,«Жемқорлықсыз өмір» бейнероликтер байқауы,«Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу мақсатында сыныптан тыс және мектептен тыс іс – шараларды өткізуді ұйымдастыру»,«Адалдық сағаттары» өтілді. Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ –нің жоспары бойынша іс -шаралар ұйымдастырылды. «Жемқорлықсыз болашақ» 1-11 класс оқушылары арасында класс сағаттары, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» 1-4 класс оқушылары арасында сурет көрмесі, « Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»9-10 кластар арасында дөңгелек үстел, «Біз сыбайлас жемқорлыққа, қоғам мүдделеріне деген сатқындыққа қарсымыз» 10-11 кластар арасында дөңгелек үстел «Біз жемқорлыққа қарсымыз» дөңгелек үстел өткізілді.

« Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ – де орналастырылған «Сенім телефоны» мен « Сенім жәшігі » ішінде сыбайлас – жемқорлықтың көрініс беру факторы анықталған жоқ.

### **3. Ұлттық тәрбие.**

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Оқушыларды этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке,



мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне, өз халқының мәдени мұрасына, қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына, Қазақстанның этномәдениетіне, этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту. «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар, өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылды. «Қазақ тілім- менің ұлттық мәртебем» дөңгелек үстел, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» Ж.З.Сағизбаева мен Г.Б.Туйякованың ұйымдастыруымен дебат, «Нағыз қазақ қазақ емес нағыз қазақ домбыра» 5 класс оқушыларымен музыка иәнінің мұғалімдері Б.К.Қожекенов пен Р.А.Алдабергенованың ұйымдастыруымен танымдық сабақтар, «Ұлттық қол өнер-ұрпаққа аманат» көркем еңбек пәнінің ұйымдастыруымен қолөнер көрмесі, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні» 7 кластар арасында танымдық сабақтар, «Бақ берекем, құт- мерекем әз Наурыз!» жалпымектепшілік мерекелік шара жоспары құрылып, бекітілді. «Қош келдің, әз Наурыз!» 1-2 кластар арасында «Абай ауылы» атауымен ертеңгіліктер, «Армысың әз Наурыз» 3-4 кластар арасында «Ыбырай ауылы» атауымен танымдық сабақтар, «наурыз-думан» «Қабанбай ауылы» тауымен 5-6 класс оқушылары сәндік-қолданбалы өнерден көрме, «Наурыз берекем, наурызым мерекем» 7-8 класс оқушылары «Құрманғазы ауылы» атауымен ұлттық тағамдар көрмесі, «Наурызым мерекем, наурызым берекем» «Қобыланды ауылы» атауымен ұлттық ойындар, «Ата дәстүр - асыл қазына» «Хиуаз ауылы» атауымен 10-11 класс оқушылары салт-дәстүрлер байқауын, «Наурыз - бірлік, жаңару, татулық мерекесі» 1-11 кластар арасында тәрбие сағаттары өтілді. 4- маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні 5-6 кластарға танымдық сабақтар өткізілді.

#### **4 . Отбасы тәрбиесі**

Отбасы тәрбиесі - бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру арқылы жүзеге асады. Мектепте қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетінің жұмысы, ата – аналармен бірлесе денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы, әкелер мен аналарға кездесулер ұйымдастыру, мемлекеттік тапсырыс бойынша ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқуын қадағалау, мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық, балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру фестивальдер, байқаулар, жарыстар арқылы жүзеге асырылды. Тәрбие негізі баланың отбасынан басталады. Одан кейін оны мектеп дамытады. Оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттері дамыту мектеп пен отбасына байланысты. Мектепте ата- аналар мен ата- аналар комитетінің арнайы жұмыс жоспары жыл басында жасалып, бекітілді. Құрылған жоспар бойынша ата- аналар жиналысы өткізіліп тұрды. Ата- аналар комитетінің төрағасы Касанғалиева Асел Алимбаевна. Жалпы мектепшілік ата- аналар жиналысы оқу жылында екі рет өтіледі. Бірінші жалпымектепшілік жиналыс қыркүйек айында өткізілді. Онда оқушылардың мектеп формалары, тәртіптері туралы, құқықбұзушылы туралы түсіндірме жұмыстар айтылды. Ата- аналарды мектептегі іс- шараларға тартып, қатыстыру назардан тыс қалған жоқ. Белсенділік танытып, мектеппен үнемі байланыста бала тәрбиесіне көңіл бөлетін ата-аналар да жоқ емес. Мектептің әлеуметтік педагогы Курашова М. класс жетекшілермен біріге отырып, ата- аналардың әлеуметтік статусы, біліммен қамтылуы және т.б. деңгейлері анықталды. Осыны анықтау барысында көптеген оқушылардың пәтер жалдап, саяжайда тұратындығы, ата-аналардың жұмыссыздығы белгіленді. Класс жетекшілердің жан- жақты дайындығы ата-аналармен біріге отырып тәрбие шараларын жүргізуі нәтижелі. «Әке -шаңырақтың тірегі» дөңгелек үстел, «Ана -тәрбиесі туралы менің ойым» 9 класс оқушыларымен эссе, «Менің отбасымның тарихы мен дәстүрлері» 5-7 кластар арасында класс сағаттары, «Отбасымның бос уақыты» 8-11 клстар арасында эссе, «Ана -ардақты ат» 1-11 класс оқушыларымен тәрбие сағаты, «Ардақты менің анашым» суреттер байқауы, «Ана күннің шуағы» мерекелік бағдарлама, Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің жоспары бойынша 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Ана өмір шуағы» анаға хат жазу, «Сарқылмайтын жылылық-Ана атты ұлылық» сурет байқауы, I, II, III, IV тоқсан қорытындысы. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалысының ұйымдастырылуы кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелер, т.б.

Қорытынды аттестаттау және ҰБТ . Мектептің әлеуметтік құжатын жинау барысында ата - аналардың әлеуметтік жағдайы, атқаратын қызметтері мен білім деңгейі анықталды.

Ата- аналардың әлеуметтік жағдайы.

Оқу жылы	Толық отбасы саны	Ондағы оқушы саны	Толық емес отбасы	Ондағы оқушы саны
2021-2022 о.ж	774	1025	103	291

Ата - аналардың атқаратын қызметтері

Оқу жылы	Барлығы	Жұмысшылар	Қызметкерлер	Кәсіпкерлер	Жұмыссыздар
2021-2022 о.ж	1648	1132	126	72	318



Ата – аналардың білім деңгейі.

Оқу жылы	Барлығы	Жоғары білім	Орта арнаулы	Орта білім	Ғылыми атағы
2021-2022 о.ж	1648	450	696	502	0



**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.** Қоршаған ортаны, өзін – өзі оңтайлы қабылдай алатын өскелең ұрпақты тәрбиелеу, тың идеяларға бастап, мүмкіндіктерді байқату. Оқушы бойында адамның рухани негізі болып саналатын еңбекке деген адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді еңбектенуге баулу, еңбектенудің барлық қыр-сырын меңгерту, өмірдегі ең бір асыл қасиеттердің бірі ретінде еңбек етуге баулу, ең жоғары моральдық қасиеттерді тәрбиелеу , еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, іскерлік, мақсат қойғыштыққа, сонымен қатар өз өмірін жақын арада, орташа және ұзақ мерзімге жоспарлай білуге тәрбиелеу . Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Оқушы бойын экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке , кәсіби білім мен өнімді еңбекке баулу сонымен қатар нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру, экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға , еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге, мамандық таңдауына , үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту. Жасыл желек отырғызу жұмыстарына араластыру. Оқушыларға еңбекке баулу тәрбиесін бере отырып оларды еңбексүйгіштікке тәрбиелейтініміз сөзсіз. Мектеп оқушыларын еңбекке баули отырып, кәсіптік бағдар беру күрделі де, кешенді мәселе. Өскелең ұрпақты еңбек ету әлеміне қосу, кәсіби қызметтердің әр түрлілігіне сәйкес тәрбиелеу өмір талабы. 2021-2022 оқу жылында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша мектепшілік шаралар өтілді . Оқу жылының басында 9,11 класс оқушыларының еңбекпен қамтылуын бақылау, есебі жүргізілді. 11 “А, Б” класының оқушылар мектеп ауласына ағаштар отырғызды. Сонымен қатар 1-11 кластың класс жетекшілері класс сағаттары мен кластан тыс шараларды жоспарға сай жүргізіп отырды. «Арайлы күз!» 3-4 класс оқушыларымен сурет байқауы, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» 4 класс оқушыларымен зияткерлік сайыс, «Алтын күз!» 5-8 класс оқушыларымен онлайн күзгі балл, «Кәсіптік

бағдар-болашаққа жол» 9-11 класс оқушыларымен дөңгелек үстел, «Жаңа жыл, жаңа жыр» мектеп дәлізін, оқу кабинеттерін жаңа жылдық безендіру, «Қыс бейнесі» қардан, мұздан бейнелер жасау, мектеп ауласына 1-8 класс оқушылары мен ата-аналарымен, «Кәсіп түбі-нәсіп» 9-11 класс оқушыларының кәсіптік білім беру оқу орындарының өкілдерімен кездесу, «Мамандық -менің таңдауым» 9 класс оқушыларымен дөңгелек үстел, 30- наурыз - Жерді қорғау күні «Табиғат тағдыры-адам тағдыры» эко сағаттар 1-4 класс оқушыларымен, 1-сәуір құстар күніне арналған «Көк құрақ-жердің сәулеті, құс елдің дәулеті» 1-4 кластар арасында сурет көрмесі, «Менің сүйікті жануарым» 5-7 кластар арасында сурет көрмесі, 5-маусым -Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай 1-4 класс оқушыларымен сурет байқауы, Кәсіптік бағдар беру бойынша 9-11 класс оқушыларына онлайн , офлайн форматта шаралар өткізілді. ЖОО - ның, колледждердің ұйымдастырған ашық есік күндеріне, қашықтықтан өтілген кәсіптік бағдар беру жұмысына 9-11 класс оқушылары қатысып отырды, “Асар” еріктілер клубы еріктілік қызметті дамыту жөнінде жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша өтілген шаралар “Қайырымдылық - адамгершілік белгісі” ізгі жандарға алғыс айту, құттықтау бейнероликтері жасалып мектептің әлеуметтік парақшасына материал жарияланды, Таза Алем ” акциясы аясында “ Жасыл қала - жасыл ауыл” қоршаған ортаны тазалау, ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді. Қамқор” жалғыз басты қарттарға көмек берілді, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ және Ақтөбе облысының «Volonter.2020 Aqtobe» орталығы ҚБ ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында №53 мектеп базасында қалалық волонтерлар форумына 10 «А» класс оқушысы Марат Дильяра қатысып сертификат иеленді.

#### **6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие.**

Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту арқылы жүзеге асады. Жалпы адами қасиеттердің негізінде көпмәдени тұлғаны қалыптастыруда, оның ішінде өзара түсіністік, татулық, сыйластық, толеранттық, қоршаған ортамен өнімді қызмет ету секілді қасиеттер арқылы өмір сүруге көмек беру, өз-өзіне, айналаға, бүкіл әлемге құрметпен қарауға тәрбиелеу. 6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие саласы бойынша оқушыларымыз көптеген шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. «Ғаламторсыз өмір мүмкін бе ?» 8-9 класс оқушыларымен пікірталас, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» 4 класс оқушыларымен зияткерлік сайыс, «Кітап -тарих, шежіре!» 5-6 класс оқушыларымен мектеп кітапханашысы Қ.М.Ақжігітова кітап көрмесін, «Интернет сауаттылық керек пе? 10-11 класс оқушыларымен пікірталас, «Ұшқыр ой алаңы» дебат, «Қазақстанның дамуы жастар қолында» тәрбие сағаты, класс сағаттарын класс жетекшілер өткізді. 2021-2022 оқу жылында “ Үкілі домбыра” , “ Хор” үйірмелері жұмыс жасады. Осы үйірмеге қатысатын оқушылар мектепішілік , мектептен тыс мекемелер ұйымдастырған қалалық, облыстық , республикалық онлайн , офлайн өтілген шараларға қатысты. «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ, «Әдістемелік кабинет»КММ ұйымдастыруымен «Әуеүлгілері спортынан жай ұшу үлгілері бойынша қала мектептері арасында қалалық Ашық жеке-командалық біріншілігінде резеңкелі қозғалтқышпен қатты қанатты ұшақтың үлгісі класында Борщев Кирилл 1 орын иеленді, «Әуеүлгілері спортынан жай ұшу үлгілері бойынша қала мектептері арасында қалалық Ашық жеке-командалық біріншілігінде резеңкелі қозғалтқышпен үлгі (жартылай нұсқа) класында 2 орын иеленді. «Ақтөбе қалалық жастар ресурстық орталығы» КММнің ұйымдастыруымен 2022жыл-«Балалар жылы» деп жариялануына орай халқымыздың қалтқысыз қастер тұтқан күй өнерін насихаттау, жас таланттарды қолдау мақсатында өткізілген «Күй күмбірі» қалалық жас күйшілер байқауында Тайыров Манасбек 3 дәрежелі дипломмен, «Ақтөбе дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының Қазанғап Тілепбергенұлының шығармашылығы бойынша өткізілген облыстық «Үкілі домбыра» атты жас күйшілер байқауында Тайыров Манасбек 2 орын, Халықаралық педагогикалық әдістемелік орталығының «Күй шеңбері-2022» атты Республикалық жас күйшілер байқауынан Тайыров Манасбек 2 орын, «Ustaz joly»ғылыми әдістемелік орталығының «Алтын күз» 1 республикалық онлайн байқауының «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Сұлтангерей Ернұр 1 орын, Утегенова Аружан 1 орын, Аманғалиев Санжар 1 орын, «Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің»

«Өңір таланттары» атты балалар мен жасөспірімдер арасындағы қалалық көркем сөз, ән-би, аспапта ойнау байқауында «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша Аманғалиев Санжар 1 орынға, ҚББҰ оқушылары арасында Х.Доспанованың 100-жыл мерейтойына арналған «Жасөспірімдер шығармашылығы-2022» облыстық техникалық өнертапқыштар көрмесінде Борщев Кирилл 1 орын иеленді. «Ең үздік математик» қалалық зияткерлік сайысында 3 «Е» класс оқушысы Тілегенов Батырхан жүлделі 3 орын, «Тik Tok таланты «қашықтықтан байқауынан «Ерекше жұмыстарын жариялағаны үшін» №14 орта мектеп мадақтамамен марапатталды, «Біздің тату жанұя» облыстық жас суретшілер байқауына белсене қатысқан чебуч Валерий, Мырзатай Санжар марапатталды, «Күншуақ» қалалық байқауы 4 «А» класс оқушысы Сұрағанова Әсемай 3 орынмен, «ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «моя родина мой Казакстан!» қалалық мәнерлеп оқу байқауынан Османова Сивиль сертификат, «Ынтымақ, бірлік, жастық» мәнерлеп оқу байқауы Сағидолла Рахман мадақтама, «Ынтымақ, бірлік, жастық бағдарламасының қортындысы бойынша №14 орта мектеп белсене қатысқаны үшін марапатталды, «Жаңа жылдық қайырымдылық акциясы бойынша марапатталды, «Жауқазын» облыстық, халықтық билер байқауы «Қамажай» бишілер тобы 2 орын иемденді, «Бозторғай» облыстық эстрадалық әндер байқауынан 1 орынмен 8 «Б» класс оқушысы Махмуд Сабина марапатталды, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ББЖ ұйымының қызметіне белсене араласқаны үшін Жакешов Биханым Бауыржанқызы марапатталды, «Сенім ен мақтанамын, Қазақстан!» қалалық авторлық өлеңдер онлайн байқауынан 8 «Ә» класс оқушысы Құлмырза Мерейлім мадақтамамен марапатталды.

**7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Оқушының өмір бойы білім алуына, өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне, сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалануына жағдай жасау. Қабілетіне, зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне, пікірталас жүргізу дағдыларына, ақпарат көздерін сыни іріктеуге, интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне, интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіруге, интернет-сауаттылық қалыптастыруға, ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға, жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіруге үйрету. Оқушыларды өзін-өзі басқару моделіне дайындау. Іс-шара жобасын әзірлеу, Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің диагностикасы негізінде жекелеген оқушылардың деңгейін көтеру мақсатында атқарылатын шаралар кешенін жоспарлау және оның орындалуына жағдай жасау, «Күз кереметі» -2021 көрме, «Жол тәртібін сақтаймыз!» пікірталас 2-4 класс оқушыларымен, «Күзгі пейзаж» 1-5 класс оқушыларымен сурет, қолөнер көрмесі, «Жаңа жылдық сыйлық» «Асар» еріктілер клубының қайырымдылық шарасы, «Қош келдің жаңа жыл»-2022» мерекелік шара, «Театр өнері- киелі сахна өнері» қуыршақ, драма театрларына саяхат, «Қыс кереметі» мұз қалашығын жасау 2-4 класс оқушыларымен өткізілді. Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ «Әдістемелік кабинет» КММ ұйымдастырған «Жаңа жылдық шырша-2022» қалалық шығармашылық байқауында 5класс оқушысы Нұғманов Сұлтан 1 орын, «Ақтөбе -Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы ұйымдастырған «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауында 8 класс оқушысы Жұмамұратова Әсемай алғыс хатпен марапатталды.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің хатына сәйкес «Мен оффлайн» акциясына орай іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. «Мен күнімді интернетсіз қалай өткіздім?» 1-4 класс оқушыларымен сурет көрмесі, «Мен OFFLINE» 5-11 класс оқушыларымен эссе, «Интернетсіз күн» 1-11 класс оқушыларымен пікірталас, «Қауіпсіз интернет» тәрбие сағаттары, «Электр жабдықтарының алдын алу» бойынша іс-шаралар өткізілді. «Электр тоғынан сақтан» класс сағаттары, «Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік» 1-4 класс оқушыларына сурет байқау, «Электр тоғы қауіпті» 7-9 кластарға класс сағаттары, «Адам организміне электр тоғының әсері» 8-9 класс оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді.

## **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.**

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін

кеңістік орнату. Сабақтар, дене тәрбиесі сабағы, оқу пәндері, спорттық секциялар мен үйірмелер, «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында репродуктив денсаулық, нашақорлық, маскүнемдік, темекі тарту және АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстар, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдерін, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарларын өткізу, ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату, «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Тәрбиенің бұл бағыты оқушылар денсаулығына үлкен әсерін тигізеді. Жас ұрпақтың дені сау, шыныққан, толық қанды, епті, әрі шыдамды етіп тәрбиелеу қазіргі заман талабы. Жас ұрпақтың дене мәдениетінің дұрыс дамуына, біліміне, сауықтыру гигиеналық шындалуына мектебімізде өткізілген сауықтыру шараларын тілге тиек етіп атауымызға болады. Оқушыларға Салауатты Өмір Салты бағытын насихаттауда мектепте «ЖҚТБ және зиянды заттардың алдын алу» бағдарламасы бойынша шаралар жүргізілді. Әрбір класс бөлмелерінде денсаулық бұрышы шығарылып, оқушыларға санитарлық гигиеналық талаптардың орындалуы туралы үнемі ескертіліп отырылады. Осы бағытта мектеп медбикесімен, ата - аналармен, мектеп ұжымымен біріккен жұмыстар класс жетекшілер тарапынан жүргізілді. «Денсаулық-2021» фестивалі 7-11 класс оқушыларымен, “ COVID -19” коронавирустық инфекцияға байланысты 1-11 класс оқушыларымен дәріс «ЖРВИ, тұмау алдын алу» туралы дәріс, түсіндірме жұмыстары 1-11 кластың оқушыларына, класс жетекшілер тарапынан класс сағаттары өтілді. «Жол қауіпсіздігін сақтау айлығы» жол полициясы мамандарымен 1-11 класс оқушыларымен кездесу, «Көше тәртібі-өмір сүру тәртібі» класс сағаттары, «Біз нашақорлыққа, зиянды әдеттерге қарсымыз 7-10 класс оқушыларымен диспут, Ақтөбе облыстық ЖҚТБ - ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығының маманы 7-11 класс оқушыларына ЖҚТБ туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. № 5 ҚП - ның мамандары 7-9 класс оқушыларына, психолог мамандарна жоғары класс қыз балаларына ерте жүктіліктің кесірі тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Класс жетекшілер тәрбие сағаттарында денсаулық, салауатты өмір салтын насихаттауда кластан тыс жұмыстар мен ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің хатына сәйкес «Өтр қауіпсіздігі мен «Судағы қауіпсіздікке» арналған іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. «Өрт тілсіз жау» класс сағаттары, «Өрт қауіпсіздігінің ережелері» танымдық сабақ, «Өрт қауіпсіздігі туралы не білесіз?» сауалнама, «Судағы қауіпсіздік» класс сағаттары, «Вейп эпидемиясы» (электронды шылым шегудің зияны) тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. «Ұрпақ саулығы- ұлт саулығы» тәрбие сағаттары, «Электронды темекінің зияндары» мектеп инспекторымен кездесу, 24 -наурыз халықаралық туберкулезге қарсы күнге орай мектеп медбикесі дәріс сабақ өткізді. «Нашақорлық -ең ауыр індет» дәріс өткізілді.

**«Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы.** «Бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылды. Мектепте тәрбие жұмысын арттыру мақсатында. "Жас ұлан" ұйымы жұмыс жасайды, оны аға тәлімгер Б.б.Жакешова жетекшілік етеді. Қала мектептеріндегі балалар ұйымдары бір орталыққа біріктірілген. Жас ұлан ұйымының орталығы – Қалалық Оқушылар Сарайы. « Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ-сі «Жас ұлан» ұйымы Қалалық Оқушылар Сарайымен бірлесе жұмыс жүргізуде. «Жас ұлан» балалар ұйымы 2011 жылыдың 6 шілдесінде құрылды. «Жас ұлан» ұйымында мүше болудың екі деңгейлі жүйесі бар. «Жас Ұлан» жоғары буынға 5-10 класс, ал «Жас қыран» төменгі буынға 2-4 класс оқушылары, сонымен қатар «Жас ұланға» өз үлесін қосуға және оның мүшесі болуға ерікті түрде ниет білдірген балалар мен жасөспірімдер қабылданады. Мүшелерді ұйымға қабылдауды «Жас Ұлан» бастауыш ұйымы жүргізеді. «Жас ұлан» ұйымының рәміздері: ту, галстук, төсбелгі, эмблема. Ұйымға қабылдау жылына 2 рет өткізіледі: Отбасы күніне арналған «Менің Отбасым» 5-6 кластар арасында сурет көрмесі, «Отбасы құндылықтары» 5-9 кластар арасында бейнероликтер, «Ата-анаңа қоңырау шал» 7-10 класс оқушыларымен челлендж, «Менің тату жанұям» 2-7 класс оқушыларымен облыстық жас суретшілер онлайн байқауы, «Қарттарым асыл қазынам!», «Сүйікті мұғаліміме сыйлық» «Жарқыра жайна ұстазым!» көрмесі, «Осень в объективе» 7-10 класс оқушыларымен қалалық онлайн фото байқауы, «Ең үздік математик» Б.І.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған 3 класс оқушыларымен қалалық зияткерлік байқауы, «Әлем балалар көзімен» ЮНЕСКО бағыты бойынша республикалық 6-8 класс оқушыларымен онлайн сурет байқауы, «Күз ханшайымы мен ханзадасы» 9-11 класс оқушылары арасында


байқау, «Алтын күз» 9-10 кластар үшін күзгі балл, «Күз кереметтері» 1-4, 5-7 класс оқушыларына көрме, «Моя Родина-мой независимый Казахстан», «Менің отбасым-елімнің тарихында» 5-9 кластар арасында қалалық зерттеу жұмысының онлайн байқауы, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сенімен мақтанамын,қазақстан!» 7-10 кластар арасында қалалық авторлық өлеңдер»Бір шаңырақ астында» қалалық фестиваль, «Күншуақ» қалалық мереке-байқауы өтілді. “ Жас ұлан ” бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының құрылымы : Кеңес құрамы : Ұланбасы : орынбасарлары (хатшы), бөлімбасылары (Кеңес бөлімдері ұйым бағыттарына сәйкес бөлінеді - “Экоәлем”, “ Зерде”, “ Руханият” , “Еңбек”, “Жеті жарғы” , “ Отан” , “ Салауат” ), сыныпбасылары, бөлімшелер. 2021-2022 оқу жылында қалалық “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымына арналған “ Ынтымақ” . “Бірлік” . “ Жастық ” бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізді. Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі 2019- 2022 жж. аралығы. Бағдарлама тәрбие жұмысының 8 негізгі бағытынан тұрады. Қызметтің негізгі бағыттары “ Ынтымақ”, “Бірлік”, “ Жастық” тармақтарын құрайды. “ Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп” КММ - де 2021 -2022 оқу жылында мектеп бойынша « Жас Ұландар» саны - 679 , «Жас қырандар» саны - 463. “Жас ұлан” , “ Жас қыран” ұйымына мүшелерді қабылдау 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні қарсаңында жүргізілді. «Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп” КММ - сі 2021-2022 оқу жылында “ Қалалық оқушылар Сарайы” МКҚК - мен бірлесе жұмыс жүргізді. “ Қалалық оқушылар Сарайы” МКҚК - ның көпшілік жұмыс жоспары бойынша мектептің “ Жас ұлан” балалар ұйымы онлайн, офлайн форматта өтілген шараларына қатысып отырды. «Ең үздік математик» қалалық зияткерлік сайысында 3 «Е» класс оқушысы Тілегенов Батырхан жүлделі 3 орын, «Тik Tok таланты «қашықтықтан байқауынан «Ерекше жұмыстарын жариялағаны үшін» №14 орта мектеп мадақтамамен марапатталды, «Біздің тату жанұя» облыстық жас суретшілер байқауына белсене қатысқан чебуч Валерий , Мырзатай Санжар марапатталды, « Күншуақ» қалалық байқауы 4 «А» класс оқушысы Сұрағанова Әсемай 3 орынмен, «ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «моя родина мой Казакстан!» қалалық мәнерлеп оқу байқауынан Османова Сивиль сертификат, «Ынтымақ, бірлік, жастық» мәнерлеп оқу байқауы Сағидолла Рахман мадақтама, «Ынтымақ, бірлік, жастық бағдарламасының қортындысы бойынша №14 орта мектеп белсене қатысқаны үшін марапатталды, «Жаңа жылдық қайырымдылық акциясы бойынша марапатталды, «Жауқазын» облыстық, халықтық билер байқауы « Қамажай» бишілер тобы 2 орын иемденді, «Бозторғай» облыстық эстрадалық әндер байқауынан 1 орынмен 8 «Б» класс оқушысы Махмуд Сабина марапатталды, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ББЖ ұйымының қызметіне белсене араласқаны үшін Жакешов Биханым Бауыржанқызы марапатталды, «Сенім ен мақтанамын, Қазақстан!» қалалық авторлық өлеңдер онлайн байқауынан 8 «Ә» класс оқушысы Құлмырза Мерейлім мадақтамамен марапатталды.

#### **Класс жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы.**

2021 - 2022 оқу жылы бойынша класс жетекшілер әдістемелік отырысының жұмыс жоспары жасалып, құрылды. Класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Елубаева Алмажай Нұрлановна. Әр отырыстың өзіндік белгілі тақырыптары мен жауапты адамдары бекітілген. Жоспарланған жұмыста әр класс жетекшілерге тиісті жұмыс түрлері бөлініп, ай сайынғы отырыстарда баяндамалар, әр кластың тәрбиелік деңгейі «Қиын» балалармен жұмыс барысы, дәстүрлі және т.б. мерекелік шараларға байланысты іс- шараларды талдау, сонымен қатар 9-11 класс оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстары қарастырылды. Мектепте 56 класс комплектісі және 3 мектепалды даярлық класы жұмыс жасады. Оның ішінде қазақ тілінде оқытылатын класс саны -37, орыс тілінде оқытылатын класс саны- 19, оның ішінде бастауыш буын бойынша қазақ тілінде оқытылатын класс саны - 17, орыс тілінде оқытылатын класс саны -9. Әр класқа класс жетекші мен класс бөлмелері оқу жылының басында бекітіліп берілді. Жалпы 56 класта 53 класс жетекші бар, себебі 2021-2022 оқу жылы бойынша Ұ. С. Кусатаева 2 “Г” , 3 “Г” , С. Т. Амантаева 2 “Д” , 4 “Д” , А.В.Прасолова 1 “Д” , 3 “Д” кластарында класс жетекшілік етеді. Класс жетекшілер білімін, санатын, еңбек өтілін төмендегі кестелерден көруге болады.


#### **Педагогикалық білімі бойынша:**

Оқу жылы	Жоғары білімді	Орта арнаулы	Аяқталмаған жоғары
2021-2022о.ж.	45	8	0




### Педагогикалық санаты бойынша:

Оқу жылы	Жоғары санат	I санат	II санат	модератор	сарапшы	зерттеуші
2021-2022 о.ж.	4	3	4	11	9	12



### Педагогикалық стажы бойынша:

Оқу жылы	1-3жылға дейін	3ж.- 5ж.	5ж.- 10ж.	10ж. жоғары
2021-2022 о.ж.	4	6	8	35



Әрбір класс жетекшінің 8 бағыттан тұратын бекітілген тәрбие жұмысының жоспары бар. Тәрбие жұмысының жұмыс жоспары тәрбие жұмысының бағыт бағдарламасы бойынша жасалды. Әр класс жетекшінің тәрбиедегі келелі мәселесі анықталған және сол мәселе бойынша жұмыс жүргізілді. Жоспарланған жұмыс бойынша класс жетекшілер отырысында баяндамалар оқылып, тәжірибелер алмасып отырылды, психолог А.С.Құрманбаева, Г. Б. Абдрахманова класс жетекшілерге кеңес беріп, бала тәрбиесіне көмек көрсете білді. Класс жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету және тәжірибе алмасу мақсатында мектепте әдістемелік жұмыс ұйымдастырылып отырады. Осы оқу жылы бойына өткізілген мектептік іс- шараларда, сыртқы ортамен байланыстыруда, қоғамдық жұмыстарда класс жетекшілердің қатысым деңгейі анықталып, бақыланып отырды. Үнемі оқушылардың тәртіп тәрбиесіне көңіл бөліп, тығыз қарым- қатынаста жүретін, жоғарыда айтылған іс- шаралардан тыс қалмайтын, өзге кластарға үлгі болатын класс жетекшілер де жоқ емес. Класс оқушыларының тәртіп тәрбиесін қадағалауда жан- жақты көңіл бөліп, тәрбиелеуде төмендегі класс жетекшілер көзге түсті. Олар: Куантканова Г.Т , А.С.Иманбаева, Г.В. Щербань, Ж.Ж. Жалмуханова, С.Ш.Исаева, Е.Г. Жураковская, С.С.Алмагамбетова , Ұ.М. Нургалиева , Ж.Р. Оразғалиева , Ұ. С. Кусатаева , К.К. Кубенова .«Қиын» оқушыларды тәрбиелеуде, олардың ата- анасымен тығыз байланыс жасауда: Ж.Р. Оразғалиева, Ж. Ж. Б.Б.Жакешова, А. С. Умарова, Ж.Б.Әбдіқалықова сынды класс жетекшілерді ерінбей еңбек еткендерін атап өтуге болады. Тәрбиелік шараларда берілетін жұмыстарын мұқият, тиянақты орындап, жауапкершілікті сезінетін класс жетекшілер де баршылық, олар С. Ш. Исаева, Ж. Ж. Жалмуханова , А.А. Касанғалиева, С. Ж, Сейдуллина, А.Н.Елубаева, М.Ж. Измагамбетова, Г. Б. Туйякова. Оқушыларды жан- жақты тәрбиелеуде класс жетекшінің ролі маңызды екені белгілі. Оқу жылының I, II жартыжылдығында жағымсыз қылықтармен көзге түсіп, тәрбиелік деңгейінің төмендігін байқатқан класс болған жоқ. Мектеп әкімшілігі, класс жетекші тарапынан бірқатар жұмыстар жүргізілді. Осы оқу жылында класс жетекшілердің республикалық, қалалық семинарларға, байқауларға қатысуы болды. Г.К.Алмашева Халықаралық тамыз конференциясына «Первый учитель» тақырыбында баяндама жариялады.»Алматы дарын» дарынды балалармен талантты жастарды анықтау және қолдау

жөніндегі орталығында «Патриоттық және интернационалдық тәрбиенің өзекті мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми конференцияда баяндама оқыды. Ақтөбе облыстық ғылыми - тәжірибелік орталығының 2022 жылда “ Класс жетекшілердің қызметін ұйымдастырудағы заманауи әдістер» тақырыбындағы облыстық семинарға 8 «А» класс жетекшісі Б.Ә.Ахмет, 1 «А» класс жетекшісі С.Ш.Исаева, 2 «Б» класс жетекшісі А.Ж.Килеева қатысып, сертификат иеленді. Ақтөбе Облыстық Ғылыми-тәжірибелік орталығының 26.01.2022 жылы «Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшінің ролі» тақырыбында облыстық ZOOM платформасымен онлайн семинар өткізілді. Семинарға 7 «Ә» класс жетекшісі Умарова А.С қатысып, көптеген мәліметтер алды. Алдағы оқу жылдарында бұл мәселелер қолға алынып, жүйелі жолға қойылады.

#### **2021-2022 оқу жылында жас класс жетекшілермен жұмыс жалғастырылды.**

№	Жас класс жетекшінің аты-жөні	Жетекші аты-жөні
1	Куантканова Г.Т	Кубенова К.К

Класс жетекшілер бірлестігі бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды, жоспар бойынша отырыстар өткізіліп, хаттама толтырылды. Барлық класс жетекшілер класс портфолиосын жүргізеді. Класс жетекшілер жұмысының толық мониторингі жүргізу, класс жетекшілердің қала көлемінде іс-тәжірибелер тарату жұмыстарын жандандыру ұсынылды. Тәрбие жұмысы бойынша өткізілген іс- шараларды талдай келе 2022 -2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жұмыс жоспары құрылып, жоспарлы түрде жалғастырылады.

#### **2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар.**

2022 -2023 оқу жылында тәрбие жұмысының аталған мақсаты мен міндеттерін орындау барысында бір қатар жұмыстар жүргізілді. Заман талабына сай, ой- өрісі жоғары дамыған зерделі азамат пен азаматшаны тәрбиелеу мектептің өзекті мәселесі болып отыр. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелеуде тәрбие берудің бірнеше бағыттарының әрқайсысының өзіндік мазмұны, бағдары, өзіне тән қызметі бар.

**1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.** Тәрбие жұмысының бұл бағытына тоқталатын болсақ, бұл келешектегі, жеткіншек ұрпақтың талапшыл, жігерлі, Отанға, отбасына зор сезіммен қарайтын азамат тәрбиелеуге ықпал етеді. Азаматтық-патриоттық , құқықтық және полимәдениеттік тәрбие беруде мектепшілік және сыныпшілік тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Әрбір өткен патриоттық сынып сағаттарында, сыныптан тыс шараларда оқушы бойында патриоттық сезімдерді туындатуда.

2022-2023 оқу жылында жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша мектепшілік төмендегідей іс- шаралар өтілді.

“ Білім күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» салтанатты жиын, «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» 1-11 сыныптар үшін сынып сағаттары, "Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы !" мектепшілік іс-шара, Республикалық «Жас ұлан» балалар ұйымына Ұланбасын қабылдау салтанатты жиын, «Ұлттық теңге – ұлт мақтанышы» класс сағаттары 1 – 11 класстары, Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына шаралар, 7 – 11 сынып оқушыларына «Еркін елдің ұрпағы» тақырыбында жалпыұлттық диктант өтілді.

2023 жылдың сәуір айының 11 күні «Чернобыль Атом электр станциясындағы» апатты жоюға қатысқан ардагер Жазылбек Жұмашұлы Даулетияровпен кездесу өтілді, ҰОС Жеңістің 78 жылдығына және ҚР Қарулы Күштерінің құрылған күніне орай қаланың жалпы білім беретін мектептерінің жоғары сынып оқушылары арасында өткізілген «Жас жауынгер-2023» әскери-қолданбалы спорт түрлері жарысына қатысып, ІІ орынды иеленді; Әскери қызметтің мәртебесін арттыру және жастарға әскери- патриоттық тәрбие беру жұмысын жетілдіру мақсатында 2023 жылдың сәуір айының 21 күні жоғары сынып оқушылары № 6655 әскери бөліміне экскурсияға барды; 2023 жылдың мамыр айының 5 күні Отан қорғаған тарихи тұлғалар мен тақырыптық ескерткіштерге гүл шоқтарын қою шарасы аясында Ә. Смағұлов ескерткішіне «Ерлікке тағзым» атты гүл шоқтарын қою салтанатына жоғары сынып оқушылары гүл шоқтарын қойып, концерттік ұйымдастырды; 2023 жылдың мамыр айының 5 күні Ж. Кереев ескерткіші жанында өтілген қалалық шараға жоғары сынып оқушылары қатыстырылды. Қарулы Күштердің мәртебесін



арттыру мақсатында және ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 31 жыл толуына байланысты «Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ-нің «Жас сарбаз» әскери- патриоттық клубының мүшелері 08 мамыр күні Тұңғыш Президент саябағында өткізілетін әскери саптық көрсетілімге қатысты; 7 мамыр Отан қорғаушылар, 9 мамыр Жеңіс күніне орай тақырыптық сынып сағаттары өтілді; 2023 жылдың 9 мамыр күні Батырлар аллеясына гүл шоқтарын қою рәсіміне Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ-нің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының мүшелері қатысты. Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің жоспары бойынша 1-Наурыз «Азаматтық қорғаныс күніне» орай іс-шар жоспарланды. Мектептің тұрақты құрамымен «Ғимараттан жедел шығу» жаттығуы өткізілді, Оқушылар құрамымен табиғи апаттар мен техногенді авариялар кезіндегі іс-әрекет негіздері бойынша сабақтар, «Азаматтық қорғаныс айлығына арналған оқушылар газеттері, мәнжазба, альбом даярланды, су тасқыны кезіндегі іс-әрекет негіздері өткізілді.

Құқықтық тәрбие бойынша 2022 -2023 оқу жылында 1-11 сыныптың сынып жетекшілер тәрбие жұмысының жоспарындағы берілген сынып сағаттары мен сыныптан тыс шараларын уақтылы өткізіп отырды. 2022- 2023 оқу жылында Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен, СПИД орталығымен бірлескен түсіндіру шаралары “Құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында 8 сынып оқушыларына, “Құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында 9,11 сынып оқушыларына дәрістер оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді, Ақтөбе қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия өкілдері мен № 3 қалалық полиция инспекторларымен «Құқықтық сана – құқықтық пана» тақырыбында кездесу, Криминалдық полиция, есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы және экстремизмге қарсы күрес басқармасының мамандарының қатысуымен құқықбұзушылықпен буллингтің алдын алу мақсатында кездесу, Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе облысының ғылыми – тәжірибелік орталығы“Зорлық - зомбылықтың алдын алу”, “ Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында ата - аналар жиналысы, «Менің мектебім буллингке қарсы» жалпы республикалық флешмобы, жол ережесі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Абайлаңыз, балалар!» акциясы аясында жұмыстар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында мектепішілік бақылауында 7 оқушы болды. Олар: Ыбадатов Райымбек 11 «А», Асқар Нұрислам 11 «Ә», Сырлыбаев Арман 11«А», Айдаралин Низами 11«А», Пірманов Дархан 9 «А», Таскенов Данабек 9 «А», Бауыржанұлы Нұртілек 9 «В» сыныбының оқушылары. Жоғарыда аталған оқушыларға топтама жасалынып, есеп жүргізіліп отырды. Олардың сабаққа қатысымы, мектептегі, мектептен тыс мекемелердегі уақыттарының ұйымдастырылуы үнемі бақылауда. Сынып жетекшілер жоғарыда аталған оқушылардың ата - аналарымен үнемі байланыста. Мектеп инспекторы Ж.Б. Абдоллаева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Ә.Ахмет, А.С. Умарова, К.К. Шауменова оқушылардың тұрмыстық жағдайын, тәрбиеленетін ортасын үнемі зерттеп отырады.

2022-2023 оқу жылында ІБ - де есепте тұрған оқушы жоқ. Сәтсіз отбасы ретінде 3 отбасы есепте тұрды, ондағы балалар: Байтасов Нұрсұлтан 9 «Б», Байтас Әділжан 7 «Б», Аронович Артур 3 «Г», Тлегенова Лилия 2 «Д» сыныбының оқушылары. Олар: Мектеп инспекторы Ж.Б. Абдоллаева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Ә.Ахмет, А.С. Умарова, К.К. Шауменова оқушылардың тұрмыстық жағдайын, тәрбиеленетін ортасын үнемі зерттеп отырады. 2022-2023 оқу жылында мектепте “Тәртіп сақшылары” тобы жұмыс жасады. “ Құқықтық кеңес ” жоспар бойынша, тұрақты түрде өтіліп отырды.

## **2.Рухани – танымдық тәрбие.**

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты көпшілік айыптауы көрсететін құндылықтар жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік қатынасты көрсетеді, «адалдық пен сатылмау – жүріс-тұрыс нормасы» берік азаматтық ұстанымды үйрету. Онда мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына,өзінің қасиетіне, арына және парызына,ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына ,өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни құндылықтарға, ой, сөз және іс бірлігіне, өзінің мінез-құлқын жетілдіруге, ар-ұжданымен орындалған қылықтарға ,түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне,адамдарға риясыз қызмет етуіне, өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіруге баулу. Оқушылар бойында адамгершілік тәрбиені ұялату әр мұғалімнің, ата- ананың міндеті. 2022-2023 оқу жылында рухани – танымдық тәрбие бойынша мектепішілік төмендегідей шаралар өтілді. «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынын барлық сынып оқушыларының қатысуымен өтілді, «Қарттарым -асыл қазынам» ,«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» қайырымдалық шарасы, қарттарды құттықтау , қазақ ақыны,әдебиеттанушы ғалым, түріктанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына-150 жыл тақырыбында 9-10 класс оқушыларымен тәрбие сағаттары, «Ұстаз болу -жүректің батырлығы»! мерекелік концерт , «Мейірімділік -жүректен қайырымдылық акциясы, «Дәстүрлі емес діни ағымдар» 8-11 класс оқушыларының теологпен кездесуі, «Біз жемқорлыққа қарсымыз» 9-11 класс оқушылары арасында эссе, «Кітап оқитын класс» кластар арасында оқырманы көп класты анықтау, «Жаңа жыл-жаңа әлем мектепішілік мерекелік іс-шара, «Қазыбек бидің 355 жылдығы» 11 класс оқушыларымен әдеби кеш, «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» 8-9 класс оқушыларымен сурет байқауы, «Роза Бағланованың 100 жылдығы толуына орай тәрбие сағаты, 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің жоспары бойынша іс-шара жоспары құрылды. «Алғысым шексіз» 1-11 кластар арасында бейнеролик түсіру, мектепте арнайы «Алғыс білдіру» тақтасы ұйымдастырылды, оқушылар өз алғыстары жазылған стикерлерді жабыстырды, «Алғыс айту -асыл қасиет» 1-11 кластар арасында тәрбие сағаты, «Алғысқа бөлену» 3-4 класс оқушыларымен сурет көрмесі, «Түлек-2023 Жаңа қазақстанның ертеңі» соңғы қоңырау салтанатты шара, 1- маусым балаларды қорғау күніне орай іс шаралар, өткізілді.

2022 -2023 оқу жылында « Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ – де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жоспарлы түрде орындалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарға бағытталған нормативтік – құқықтық құжаттар топтамасы, мемлекеттік қызмет көрсету туралы стенд жасалып, «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» орналастырылды. 2022 -2023 оқу жылына арналған мектепішілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жоспары бойынша қыркүйек - мамыр айлары аралығында өтілген жұмыстар: « Жемқорлық — қоғам дамуының тосқауылы » атты ақпараттық стенд жаңартылды. «Жемқорлықсыз өмір» сурет байқауы,«Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу мақсатында сыныптан тыс және мектептен тыс іс – шараларды өткізуді ұйымдастыру», «Адалдық сағаттары» өтілді. «Біз сыбайлас жемқорлыққа, қоғам мүдделеріне деген сатқындыққа қарсымыз» тақырыбында 10-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын талдау жұмыстары өтілді. «Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ – де орналастырылған «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» ішінде сыбайлас – жемқорлықтың көрініс беру факторы анықталған жоқ.

### **3. Ұлттық тәрбие.**

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Оқушыларды этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке, мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне, өз халқының мәдени мұрасына, қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына, Қазақстанның этномәдениетіне, этносаралық

бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту. «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар, өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылды. «Қазақ тілім- менің ұлттық мәртебем» дөңгелек үстел, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» Ж.З.Сагизбаева мен Г.Б.Туйякованың ұйымдастыруымен дебат, музыка иәнінің мұғалімдері Б.К.Қожекенов пен Р.А.Алдабергенованың ұйымдастыруымен Наурыз мерекесіне орай «Күй күмбірі» республикалық челленджи, көркем еңбек пәнінің ұйымдастыруымен «Ұлттық әшекейлер жасау» шебер класы, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына орай шаралар, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні» 7 кластар арасында танымдық сабақтар, «Бақ берекем, құт- мерекем әз Наурыз!» жалпымектепішілік мерекелік шара жоспары құрылып, бекітілді. «Қош келдің, әз Наурыз!» 1-2 кластар арасында «Абай ауылы» атауымен ертеңгіліктер, «Армысың әз Наурыз» 3-4 кластар арасында «Ыбырай ауылы» атауымен танымдық сабақтар, «наурыз-думан» «Қабанбай ауылы» тауымен 5-6 класс оқушылары сәндік-қолданбалы өнерден көрме, «Наурыз берекем, наурызым мерекем» 7-8 класс оқушылары «Құрманғазы ауылы» атауымен ұлттық тағамдар көрмесі, «Наурызым мерекем, наурызым берекем» «Қобыланды ауылы» атауымен ұлттық ойындар, «Ата дәстүр -асыл қазына» «Хиуаз ауылы» атауымен 10-11 класс оқушылары салт-дәстүрлер байқауын, «Наурыз -бірлік, жаңару, татулық мерекесі» 1-11 кластар арасында тәрбие сағаттары өтілді, мектеп өнерпаздары «Гүлдәурен» МДҰ алаңында Наурыз Думан мерекелік шара ұйымдастырды. «15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасы-өмір аясы!» атты фотосуреттер көрмесі», 4 - маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні 5-6 кластарға танымдық сабақтар өткізілді.

**4. Отбасы тәрбиесі.** Отбасы тәрбиесі - бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру арқылы жүзеге асады. Мектепте қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетінің жұмысы, ата – аналармен бірлесе денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы, әкелер мен аналарға кездесулер ұйымдастыру, мемлекеттік тапсырыс бойынша ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқуын қадағалау, мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық, балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру фестивальдер, байқаулар, жарыстар арқылы жүзеге асырылды. Тәрбие негізі баланың отбасынан басталады. Одан кейін оны мектеп дамытады. Оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттері дамыту мектеп пен отбасына байланысты. Мектепте ата- аналар мен ата- аналар комитетінің арнайы жұмыс жоспары жыл басында жасалып, бекітілді. Құрылған жоспар бойынша ата- аналар жиналысы өткізіліп тұрды. Ата- аналар комитетінің төрағасы Касанғалиева Асел Алимбаевна. 2022 – 2023 оқу жылында жалпы мектепішілік үш ата – аналар жиналысы, сыныптар бойынша тоқсанда төрт ата – аналар жиналысы өтілді. Жалпы мектепішілік ата – аналар жиналысының тақырыбы: «Тәртіптің ең тамаша мектебі - отбасы», «Буллинг және оның түрлері», «Жалпы білім беретін мектептерде 2022 – 2023 оқу жылын аяқтау тұжырымдамасы». Әр жалпы мектепішілік ата – аналар жиналысында оқушылардың сабаққа қатысымы, мектепішілік бақылауда тұрған оқушылар туралы, оқушылардың бос уақытының ұйымдастырылуы, жолда жүру ережесі, балалардың өмір қауіпсіздігі, құқықбұзушылықтың алдын алу туралы сұрақтар талқыланып, қаралды. «Бақытты отбасы» орталығында “Тағылымды тәрбие - бала болашағының іргетасы” тақырыбында мектебіміздің ата-аналарына семинар-тренинг ұйымдастырылды. Ата- аналарды мектептегі іс- шараларға тартып, қатыстыру назардан тыс қалған жоқ. «Менің отбасым» апталығы аясында 1 сынып оқушыларының әкелерімен «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі», 2 сынып оқушыларының

аналарымен «Мектеп, оқушы, ата – ана», 5 сыныптардың қыз балаларының аналарымен «Үштік одақ: мұғалім, оқушы, ата – ана», 4 сынып оқушыларының әкелерімен «Әке - жауапты тұлға», «Папы разные нужны», 1,2 сынып оқушыларының аналарымен «Самое доброе сердце на свете», 8 сыныптың қыз балаларының аналарымен «Ана махаббатының жолы» тақырыптарында семинар, тренингтер өтілді. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында өлке тану музейіне экскурсиялар ұйымдастырылды. Мектеп психологтары А.С. Курманбаева, Г.Б. Абдрахманова 5 – 11 сынып оқушылары арасында «Жасөспірім кезеңінің ерекшеліктері»- тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Белсенділік танытып, мектеппен үнемі байланыста бала тәрбиесіне көңіл бөлетін ата- аналар да жоқ емес. «Жасыл мекен» республикалық челленджіне қатысып, мектеп ауласын көгалдандыруға үлес қосқан ата – аналар марапатталды. Мектептің әлеуметтік педагогы Курашова М.С, Куанышева Р.А. класс жетекшілермен біріге отырып, ата- аналардың әлеуметтік статусы, біліммен қамтылуы және т.б. деңгейлері анықталды. Осыны анықтау барысында көптеген оқушылардың пәтер жалдап, саяжайда тұратындығы, ата-аналардың жұмыссыздығы белгіленді. Класс жетекшілердің жан- жақты дайындығы ата- аналармен біріге отырып тәрбие шараларын жүргізуі нәтижелі. «Әке -шаңырақтың тірегі» дөңгелек үстел, «Ана -тәрбиесі туралы менің ойым» 9 класс оқушыларымен эссе, «Менің отбасымның тарихы мен дәстүрлері» 5-7 кластар арасында класс сағаттары, «Отбасымның бос уақыты» 8-11 клстар арасында эссе, «Ана -ардақты ат» 1-11 класс оқушыларымен тәрбие сағаты, «Ардақты менің анашым» суреттер байқауы, «Ана күннің шуағы» мерекелік бағдарлама, Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ – нің жоспары бойынша 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Ана өмір шуағы» анаға хат жазу, «Сарқылмайтын жылылық-Ана атты ұлылық» сурет байқауы, I, II, III , IV тоқсан қорытындысы. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалысының ұйымдастырылуы кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелер, т.б. Қорытынды аттестаттау және ҰБТ . Мектептің әлеуметтік құжатын жинау барысында ата - аналардың әлеуметтік жағдайы, атқаратын қызметтері мен білім деңгейі анықталды.

Ата- аналардың әлеуметтік жағдайы.

Оқу жылы	Толық отбасы саны	Ондағы оқушы саны	Толық емес отбасы	Ондағы оқушы саны
2020-2021о.ж.	869	1194	63	88
2021-2022 о.ж	774	1025	103	291
2022 – 2023 о.ж	772	1023	167	324



Ата - аналардың атқаратын қызметтері

Оқу жылы	Барлығы	Жұмысшылар	Қызметкерлер	Кәсіпкерлер	Жұмыссыздар
2020-2021о.ж.	1801	1273	119	82	327
2021-2022 о.ж	1648	1132	126	72	318
2022 – 2023 о.ж	1711	1197	121	79	314



### Ата – аналардың білім деңгейі.

Оқу жылы	Барлығы	Жоғары білім	Орта арнаулы	Орта білім	Ғылыми атағы
2020-2021 о.ж.	1801	599	917	282	3
2021-2022 о.ж.	1648	450	696	502	0
2022-2023 о.ж.	1711	478	725	508	2



**7. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.** Қоршаған ортаны, өзін – өзі оңтайлы қабылдай алатын өскелең ұрпақты тәрбиелеу, тың идеяларға бастап, мүмкіндіктерді байқату. Оқушы бойында адамның рухани негізі болып саналатын еңбекке деген адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді еңбектенуге баулу, еңбектенудің барлық қыр-сырын меңгерту, өмірдегі ең бір асыл қасиеттердің бірі ретінде еңбек етуге баулу, ең жоғары моральдық қасиеттерді тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, іскерлік, мақсат қойғыштыққа, сонымен қатар өз өмірін жақын арада, орташа және ұзақ мерзімге жоспарлай білуге тәрбиелеу. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Оқушы бойын экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке, кәсіби білім мен өнімді еңбекке баулу сонымен қатар нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру, экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға, еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге, мамандық таңдауына, үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту. Жасыл желек отырғызу жұмыстарына араластыру. Оқушыларға еңбекке баулу тәрбиесін бере отырып оларды еңбексүйгіштікке тәрбиелейтініміз сөзсіз. Мектеп оқушыларын еңбекке баули отырып, кәсіптік бағдар беру күрделі де, кешенді мәселе. Өскелең ұрпақты еңбек ету әлеміне қосу, кәсіби қызметтердің әр түрлілігіне сәйкес тәрбиелеу өмір талабы. 2022-2023 оқу жылында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша мектепшілік шаралар өтілді. Оқу жылының басында 9,11 класс оқушыларының еңбекпен қамтылуын бақылау, есебі жүргізілді. «Жасыл мекен» республикалық челленджі аясында 2, 4, 5, 7, 8, 9, 11 сынып оқушылары және ата – аналары мектеп ауласына шырша, туя ағаштарын отырғызды. Сонымен қатар 1-11 кластың класс жетекшілері класс сағаттары мен кластан тыс шараларды жоспарға сай жүргізіп отырды. «Үнем - қоғам қуаты» тақырыбында сынып сағаттары, «Арайлы күз!» 3-4 класс оқушыларымен сурет байқауы, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» 4 класс оқушыларымен зияткерлік сайыс, «Алтын күз!» 5-8 класс оқушыларымен күзгі балл, ««Жаңа жыл, жаңа жыр» мектеп дәлізін, оқу кабинеттерін жаңа жылдық безендіру, «Жаңа жылдық шырша» әр түрлі бұйымнан шырша жасау,

